

**Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы
"Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
"Ақтөбе қаласының Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы**

2023 жыл

ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Білім беру ұйымының атауы: «Фариза Оңғарсынова атындғы №41 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекеменің орналасқан жері: (индекс 030011), Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Алматы ауданы, Ясныйауылы, Құрылыс көшесі 99 А-үй.

Тел – факс: 8–7132-45-81-40

Электронды адресі: shkola_41_41@mail.kz, сайты <http://sh41-aktobe.edu.kz>, домендік атауы edu.kz

Абдыгалиева Гульдария Болатбековна 2022 жылдың 26 тамызындағы қалалық білім бөлімінің №211 - бұйрығымен «Фариза Оңғарсынова атындғы №41 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалды (бұйрық көшірмесі жалғанды).

2022 жылғы қыркүйек айында мектептің ережесі бекітілді, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2019 жылғы маусым айында Ақтөбе облысының әділет департаменті Ақтөбе қаласы Алматы аудандық әділет басқармасынан берілген №.051040003095 анықтама алынды (көшірмесі жалғанды).

2017 жылы 28 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі берген сериясы KZ79LAA00010613 мемлекеттік лицензия (бастауыш, негізгі орта, және жалпы білім беру қызметімен) бар. Мемлекеттік лицензияның қолдану мерзімі – шектеусіз.

Банк реквизиті: КОД КГУ....., Кбе
ИИК KZ11070102KSN0601000
БИК KKMFKZ2A

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

12.1. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;

«Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия» КММ өзін-өзі бағалау кезінде тексерілген екі оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің құрылуы, мектептің қамқоршылық ұйымымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілді. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының сабақ кестелері аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалған.

1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары оқу жұмыс жоспары бойынша құрылған.

2021-2022 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 15 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 14 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 4 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

2021-2022 Мектеп- гимназияның оқу жұмыс жоспары 1-11 сыныптарда ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартының, «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2021 жығы 26 наурыздағы №125, ҚР БҒМ 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы негізінде, ҚР БҒМ Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «2021-2022 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып жасалынды.

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптар аралығында 13 сынып комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 16 сынып комплекті, 10-11 сыныптар аралығында 4 сынып комплектісіне оқу жоспары жасалған.

ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09 №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **8,11-қосымша 1-4** кластар үшін; **13,16-қосымша 5-9** кластар үшін **24,26-қосымша 10-11** кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленген.

12.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы

3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

«Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия» КММ-нің соңғы 2 оқу жылындағы инвариантты компонент оқу пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың «Kundelik.kz» электронды журналдары тексерілді.

2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптарда оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ

2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496) басшылыққа алып жасалған. Бұдан «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) талабына сәйкес. Осылайша, оқу пәндерінің базалық мазмұны ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізілді.

Бастауыш білім беру деңгейінде вариативтік компонент бойынша:

Таңдау бойынша сабақтарға оқушылардың математикалық сауаттылықтарын арттыру мақсатында 3а, 4а кластарына 1 сағаттан «Логика әлемі» арнаулы курсы енгізілді.

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар бойынша:

Белсенді - қозғалмалы жаттығулар арқылы спортқа қызығушылықтарын тудыру мақсатында «Толағай» үйірмесі 2ә,б,в, 3ә,б,в, 4ә,б,в сыныптарында аптасына 1 сағаттан;

Гимназиялық компонент бойынша 1а, 2а, 3а, 4а кластарына қазақ әдебиетіне, мәдениетіне деген қызығушылығын дамыту, Абай шығармаларын кеңінен насихаттау мақсатында 1 сағаттан «Абай оқулары», дүниетанымын кеңейту мақсатында «Бізді қоршаған әлем», оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру мақсатында 2 сағаттан «Балалар әдебиеті» танымдық курстары енгізілді.

Негізгі білім беру деңгейінде вариативтік компонент бойынша:

Элективті курстар бойынша:

«Құрастырмалы механизмдерді бағдарламалау» элективті курсы 6а,8а,5а,б, 6б,7б,8б сыныптарына аптасына 1 сағаттан жалғастырылады. Кадет кластарында кәсіби терминдерді шет тілінде меңгерту мақсатында «Ағылшын тіліндегі іскерлік қарым – қатынас» элективті курсы 7ә кластарында жалғастырылады ,6Ә,8Ә кластарында енгізіледі.

Гимназиялық компонент бойынша 5а, 6а, 7а, 8а, 9а кластарына «Таңдамалы математика», «Тіл білімі», «Өркениет әлемі», «Математика және логика», «Эврика» курстары енгізілді.

Оқу жоспарының вариативті компонентінің жаһандық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында төмендегі оқу бағдарламасы беріледі:

«Парасаттылық және әдеп» -5«Ә», 5«Б»- 1 сағат

«Экология» -6«Ә», 6«Б»-1 сағат,«Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»- 7«Ә», 7«Б»-1 сағат

«Медиасауаттылық»- 8«Ә», 8«Б»- 1 сағат, «Зайырлылық және дінтану негіздері»- 9 «Ә», 9 «Б» -1 сағат

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптарда оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы) басшылыққа алып жасалған. Бұдан «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен) ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрық) талабына сәйкес. Осылайша, оқу пәндерінің базалық мазмұны ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізілді.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік және гимназиялық компонент сағаттары

Таңдау бойынша

3а, 4а кластарына 1 сағаттан- «Логика әлемі»

1ә,1б кластарына 1сағаттан- «Жаратылыстану жұмбақтары»

2ә,2б кластарына 1 сағаттан - «Математика күнделікті өмірде» .
3ә,б,в, 4ә,б кластарына 1 сағаттан- "Мәнерлеп оқу"

1а, 2а, 3а, 4а кластарына 1 сағаттан- Футбол
1-4 кластарына 1 сағаттан- Футбол

Гимназиялық компонент бойынша

1а, 2а, 3а, 4а кластарына 1 сағаттан- «Абай оқулары»
1а, 2а, 3а, 4а кластарына 1 сағаттан- «Бізді қоршаған әлем»
1а, 2а, 3а, 4а кластарына 2 сағаттан- «Балалар әдебиеті»
1 а класына 2 сағаттан- «Лего» енгізілді.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік және гимназиялық компонент сағаттары Элективті курстар бойынша:

9а класына аптасына 1сағаттан- «Құрастырмалы механизмдерді бағдарламалау»
5-8кластарына аптасына 0,5сағаттан- «Жаһандық құзыреттілік»
9 кластарға 1сағаттан- «Жаһандық құзыреттілік»
5-7 кластарына аптасына 1 сағаттан- Баскетбол
8-9 кластарына аптасына 1 сағаттан- Волейбол

Гимназиялық компонент бойынша

5а, 6а, 7а, 8а, 9а кластарына аптасына 2сағаттан- «Таңдамалы математика»
6а, 7а, 8а, 9а кластарына аптасына 1сағаттан- «Абайтану»
5а, 6а, 7а, 8а, 9а кластарына аптасына 1сағаттан- «Өркениет әлемі»
5а, 6а, 7а, 8а, 9а кластарына аптасына 1сағаттан-«Эврика»
5а класына аптасына 1 сағаттан - «Фаризатану» курсы енгізілді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің (7-9 кластарында оқу пәндерінің қиыстырылуын (комбинациясы) бойынша таңдау сағаттар)

7а,8а,9а,7ә,7б,8ә,8б,9ә,9б кластарына - алгебра, физика, биология пәндерінің комбинациясы таңдап алынды.

Оқу пәндерінің мазмұны бастауыш, негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы білім мазмұнының үздіксіздігі және сабақтастығы қағидаты сақталды. 10, 11 сыныптарда жалпы орта білім берудің базалық мазмұны жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша анықталды

12.3 білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:

Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыру бағытында жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесі алдында ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр.

Фариза Онғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясы 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып, төмендегідей дәстүрлі айлықтар және онкүндіктер, апталықтар ұйымдастырды:

1. **Қыркүйек** – ҚР Тілдер күніне арналған іс-шаралар апталығы
2. **Қазан** – «Рәміздер – ұлттық мақтаныш» іс-шаралар апталығы
3. **Қазан** – ҚР Республика күніне арналған іс-шаралар
4. **Қараша** – «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ!» онкүндігі
5. **Желтоқсан** – ҚР Тәуелсіздік күніне орай іс-шаралар апталығы
 6. **Қаңтар** – «Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі» мектеп түлектерімен кездесу
 7. **Ақпан** – Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу
 8. **Наурыз** – «Көктем аруы» сайысы
 9. **Сәуір** – «Тазалық» екі айлығы
 10. **Мамыр** – «Батыр ерлігі елге – мұра, ұрпаққа-ұран!» ҚР Қарулы күштерінің құрылған күнін және Ұлы Жеңіс күнін атап өту

Сонымен бірге мектепте дәстүрлі іс-шаралар жүйесі қалыптасқан:

1. Білім күні
2. Ұстаздар күні
3. Қарттар күні
4. Жаңа жылдық мерекелер
5. Денсаулық күні
6. «Наурыз» мерекесі
7. «Алғыс айту күні»
8. «Екі жұлдыз» сайысы
9. Құстар күні мерекесі
10. «Жас Ұлан» әскери-патриоттық саптық ережелер байқауы
11. «Жеңіс күні» мерекесіне саяхат
12. «Сыңғырла, қоңырау» салтанатты жиыны
13. Өрелік клубтар
14. «Қамқорлық» акциялары
15. Жәрмеңкелер
16. Қол өнер бұйымдарынан көрмелер
17. Тақырыптық суреттер көрмесі
18. Психологиялық тренингтер
19. Ата-аналар конференциясы
20. Әкелер мектебінің отырысы
21. «Гауһартас» қыздар кеңесінің отырыстары

12.4 білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру:

Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп – гимназиясында "Оқуға құштар мектеп" жобасының 2022 - 2025 оқу жылдарына арналған іс – шаралар жоспары құрылып, «Педагогтердің оқу мәдениетін жетілдіру», «Білім алушылардың оқу мәдениетін жетілдіру», «Ата- аналар қоғамдастығының оқу мәдениетін жетілдіру» бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Атап айтсақ, «Педагогтердің оқу мәдениетін жетілдіру» бағыты бойынша педагогтар мен қызметкерлер арасында "Зерделі" кітап оқушы мұғалімдер қауымдастығын құрылып, О.Бөкейдің «Апамның астауы», Т.Әбдіковтың «Оң қол», Р.Мұқановның «Мәңгілік бала бейне», Ө.Яшүкірқызының «Құдықтағы көмбе», М.Шүйіншалиеваның «Адасқан ару», Л.Толстойдың «После бала» шығармалары талданып, М.Мақатаевқа арналған поэзия кеші ұйымдастырылды.

«Ата - аналар қоғамдастығының оқу мәдениетін жетілдіру» бағыты бойынша «Шаңырақ» оқырман ата – аналар клубы құрылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Фариза – поэзия падишасы» атты әдеби – музыкалық кеш, орыс тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Л.Толстойдың шығармаларына арналған конференция, тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен пікірталастар ұйымдастырылып өткізілді. Сонымен қатар, мектептің әлеуметтік парақшасында онлайн «Әжемнің ертегісі», «Мектепке кітап сыйла» акциялары өткізілді. Осы акция аясында ата – ана Казгелдин Жасұлан мектеп кітапханасына құны 100,000 теңге тұратын кітаптар коллекциясын тарту етті.

«Білім алушылардың оқу мәдениетін жетілдіру» бағыты бойынша "Мектепке кітап сыйла" акциясы, "Оқу сағаты" (20 минут кітап оқу), "Өзің оқып, өзгеге ұсын" жоғары сынып оқушылары арасында кітаптарды жарнамалау, "Бір сынып - бір кітап" (оқыған кітаптарды талдау), Сүйікті кітаптар бойынша суреттер мен сәндік -қолданбалы өнер туындыларының көрмесі, С.Байшев атындағы облыстық және қалалық орталық кітапханаларға саяхаттар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, №7 орталықтандырылғын қалалық кітапханамен тығыз қарым – қатынас жасалды.

Мектеп-гимназияда білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді дарытып, елжандылық, патриоттық тәрбие беру мақсатында “Адал ұрпақ” еріктілер клубының жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Алдын ала бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес, қазан айында 5-11 сынып оқушыларынан клуб мүшелері белгіленіп, жауапты тұлғаларды бекіту шаралары жүргізілді. Мектеп психологтарының “Сенім” телефоны мен “Сенім” жәшігі қызметі жыл бойы жүргізілу үстінде. Қараша айында құқық қорғау органдарының Ақтөбе қаласы Алматы ауданы №3 ҚПБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Сарқытбаев А.Қ қатысуымен 7 -11 сынып оқушыларымен «Сыбайластықты туғызушы факторлар: өзектілігі және алдын алу шаралары» тақырыбында профилактикалық іс-шара өткізілді. Желтоқсан айында “Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ” тақырыбында 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен қамқоршылық кеңес төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, ауған соғысының ардагері Қойлыбаев Марат Айтуғанұлымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында Марат Айтуғанұлы соғыс кезіндегі батырларымыздың жанкешті ерлігі және қазақ халқының өр рухты, ержүректілігі туралы сөз қозғап, мектеп оқушыларын ел патриоты болуға шақырды. Қаңтар айында «Жастар - сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында дебат 8-9 сынып оқушылары арасында өткізіледі. Ақпан айында М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Криминалистика кафедрасының доценті, полиция подполковнигі Нұрыш З.З қатысуымен 7-8 сынып оқушыларымен “Құқықтық тәрбие - өзекті мәселе” тақырыбында құқықтық сағаты өткізілді. Наурыз айында “ Ер азамат атына лайық бол” тақырыбында 5-11 сынып оқушыларында сынып жетекшілермен сынып сағаттары өткізілді. Мектептегі педагог қызметкерлермен

“Ар тазалығы - адамгершілік кепілі” тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, сыбайлас жемқорлықтың жауаптылығы, мемлекеттегі әрбір азаматтың өз болашағы үшін жауаптылығы туралы ақпараттар беріліп отырды.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамын мерекелеу кезінде ата – аналарымыздың балаларға ұлттық тәрбиені насихаттаудағы белсенділігін ерекше атап өткіміз келеді. Мектеп – гимназиясында 14 наурыз Көрісу күні кеңінен насихатталып, мектеп ата – аналарының ұйымдастыруымен ұстаздар мен оқушыларға Наурыз көже таратылып, ұлттық тағамдар ұсынылды. Шараға белсенді қатысқан ата – аналар мектеп әкімшілігінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Салт – дәстүрлер көрсетіліп, Наурыз мерекесін ұлықтау мақсатында мектебімізде «Наурыз - Думан» атты мерекелік дүбірлі той өтті. Шараға елді – мекеннің үлкендері, зейнеткер ұстаздар, ата – аналар, қалалық білім бөлімінің басшысы Қосымбаева М.О, ұстаздар мен оқушылар қатысып, Наурызда жасалатын жоралғылармен жалғасын тапты. Келген қонақтар мектеп өнерпаздарының шырқалған әні, төгілген күйлері, мың бұралған билеріне тәнті болды. Мерекелік дастарханнан дәм татып, ақсақалдар бата берді.

12.5 білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

Осы өлшемшарт бойынша оқу жоспарлар мен сабақ кестелері, бейінді оқыту бойынша құжаттар қаралды. 2021-2022 оқу жылында білім алушылардың таңдау пәндері мен бейіндік пәндері және вариативті компоненттегі сағаттардың бөлінуі зерделенді.

2021-2022 оқу жылында

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша:

Таңдау пәндері бойынша 10а класында аптасына 3 сағаттан Дүние жүзі тарихы мен география, стандартты деңгей бойынша аптасына 2 сағаттан «Биология» таңдалып алынды. Вариативтік компоненттегі таңдау пәндеріне 10а класына аптасына 2 сағаттан Қазақстан тарихы және ағылшын енгізілді. Элективті курс бойынша 10а класында «Абайтану» курсы және «Қолданбалы физика» «Биотехнология» элективті курстары 1 сағаттан енгізілді.

Таңдау пәндері бойынша 11а класында аптасына 3 сағаттан Дүние жүзі тарихы мен география, стандартты деңгей бойынша аптасына 2 сағаттан «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» таңдалып алынды. Вариативтік компоненттегі таңдау пәндеріне 10а класына аптасына 2 сағаттан физика және «Әдебиеттегі эссе» енгізілді. Жеке және топтық сабақтар бойынша 11а класында «Абайтану» арнаулы курсы және «Қазақстан әлемдік қауымдастықта» «Биотехнология» элективті курстары 1 сағаттан жалғастырылады..

Жаратылыстану- математикалық бағыт бойынша:

Таңдау пәндері бойынша 10б класында аптасына 3 сағаттан физика мен биология, стандартты деңгей бойынша аптасына 2 сағаттан «Графика және жобалау» таңдалып алынды.

Вариативтік компоненттегі таңдау пәндеріне 10б класына аптасына 2 сағаттан Химия және Дүниежүзі тарихы енгізілді. Элективті курс бойынша «Абайтану» курсы, «Қазақстан әлемдік қауымдастықта», «Биотехнология» 1 сағаттан енгізілді..

Таңдау пәндері бойынша 11б класында аптасына 4 сағаттан физика мен география, стандартты деңгей бойынша аптасына 2 сағаттан «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» таңдалып алынды. Жеке және топтық сабақтар бойынша 11б сыныбында «Абайтану» курсы жалғастырылады, аптасына 1 сағаттан «Қолданбалы физика», аптасына 2 сағаттан «Көркемдік өрнектер» және «Заманауи микробиология» арнаулы курсы енгізілді.

Гимназия компоненті бойынша 10а класына «Математикадағы ойлау логикасы» курсы 2 сағаттан, «Ағылшын тілі білімінің негіздері» арнаулы курсы аптасына 1 сағаттан, «Химиялық технология» 2 сағаттан енгізілді.

Гимназия компоненті бойынша 10б класына «Математикадағы ойлау логикасы» курсы 2 сағаттан, «Танымдық интернет ресурстары» курсы аптасына 1 сағаттан, «Оқу сауаттылығы» 2 сағаттан енгізілді.

Гимназия компоненті бойынша 11а сыныбына «Математикадағы ойлау логикасы» курсы 2 сағаттан, «Ағылшын тілі білімінің негіздері» арнаулы курсы аптасына 1 сағаттан, «Химиялық технология» 2 сағаттан жалғастырылады.

2022-2023 оқу жылында

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша:

Таңдау бойынша пәндер

Тереңдетілген деңгей

11а класында аптасына 2 сағаттан- Дүние жүзі тарихы мен география стандартты деңгей бойынша

11а класында аптасына 2 сағаттан- «Биология», «физика»

Вариативтік компоненттегі таңдау пәндеріне

11а класына аптасына 2 сағаттан - Қазақстан тарихы және шетел тілі(ағылшын)

Таңдау бойынша пәндер

Тереңдетілген деңгей

10а класында аптасына 2 сағаттан- Дүние жүзі тарихы мен география стандартты деңгей бойынша

10а класында аптасына 2 сағаттан- «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» , «Биология»

Вариативтік компоненттегі

таңдау пәндеріне

10а класына аптасына 2 сағаттан –алгебра және анализ бастамалары және физика

10а,11а кластарына аптасына 1 сағаттан- Жаһандық құзыреттілік

10а,11а кластарына аптасына 1 сағаттан- Волейбол

Жаратылыстану- математикалық бағыт бойынша:

Таңдау пәндері бойынша

Тереңдетілген деңгей

11б класында аптасына 3сағаттан-физика мен биология стандартты деңгей бойынша

11б класында аптасына1 сағаттан «Графика және жобалау» және «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»

Вариативтік компоненттегі таңдау пәндеріне

11б класына аптасына 2 сағаттан- Химия және Дүниежүзі тарихы

Элективті курс бойынша «Қазақстан әлемдік қауымдастықта» 1 сағат

Таңдау пәндері бойынша

10б класында аптасына 3 сағаттан- физика мен география стандартты деңгей бойынша

10б класында аптасына 1 сағаттан- «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» және «Графика және жобалау»

Вариативтік компоненттегі таңдау пәндеріне

10б класына аптасына 2 сағаттан- биология және информатика

Элективті курс бойынша «Әдебиеттегі эссе» 1 сағаттан енгізілді.

10б,11б кластарына аптасына 1 сағаттан- Жаһандық құзыреттілік

10б,11б кластарына аптасына 1 сағаттан- Волейбол

Гимназия компоненті бойынша

10а класына

«Математикалық сауаттылық» 2 сағат

«Ағылшын тілі білімдері негіздері» 1сағат

«Абайтану» 1 сағат

«Биотехнология» 1 сағат

Гимназия компоненті бойынша

10б класына

«Математикалық сауаттылық»- 2 сағат

«Абайтану» 1 сағат

«Биотехнология» 1 сағат

«Дала философиясы» 1сағат

Гимназия компоненті бойынша

11а сыныбына «Математикалық сауаттылық» курсы 2 сағаттан, «Ағылшын тіл білімдері негіздері» арнаулы курсы аптасына 1 сағаттан, «Химиялық технология» 2 сағаттан жалғастырылады.

Гимназия компоненті бойынша

11б сыныбына «Математикалық сауаттылық» курсы 2сағаттан, «Танымдық интернет ресурстары» курсы аптасына 1 сағаттан, «Оқу сауаттылығы» 2сағаттан жалғастырылады.

12.6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

2021-2022 оқу жылында 5 ерекше білім беру қажеттілігі бар 5 оқушы оқытылды.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алатын 5 оқушы бар.

9 Ә сыныпта Бекназар Нұрзат. Диагнозы: «ДЦП. Спастикалық диплегия» . «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес оқытылды.

9 Ә сыныпта Бралиева Айкен. Диагнозы: «Общее недоразвитие речи 2 уровень. Смешанный астигматизм». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19 - қосымшасы, ҚР білім және ғылым министрінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына сәйкес оқытылды.

8 А сыныпта Төреғалиева Мадина. Диагнозы: «Ашық риноплазия». «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125

бұйрығына сәйкес оқытылды.

6 Б сыныпта Бисенбай Даниал. Диагнозы: «Нашар естудің 3 кезеңі». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19 - қосымшасы, ҚР білім және ғылым министрінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығына сәйкес оқытылды.

4 сыныпта Мұхамбетәлі Исламбек. Диагнозы: «Правосторонний гемипарез». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 4 - қосымшасы, ҚР білім және ғылым министрінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына сәйкес оқытылды.

2022-2023 оқу жылында 8 ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушы оқытылды.

1 «Б» сынып оқушысы Сабибулла Сания. Диагнозы: «задержка психического развития трудности поведения (ОНР II - III уровня)». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

3 «Ә» сынып оқушысы Дәулетбай Арнұр. Диагнозы: «Ребенок с образовательными потребностями Зедержка психического развития». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

3 «В» сынып оқушысы Дүзелбаев Ұлан. Диагнозы: «задержка психического развития, понижение зрения». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

3 «В» сынып оқушысы Дүзелбаев Аманбек. Диагнозы: «задержка психического развития». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

5 «В» сынып оқушысы Мұхамбетәлі Исламбек. Диагнозы: «задержка психического развития, нараушение опорно - двигательного аппарата, самостоятельно передвигающейся ребенок». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

7 «Б» сынып оқушысы Бисембай Даниял. Диагнозы: «нарушение слуха ОНР III уровня». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

9 «А» сынып оқушысы Төреғалиева Мадина. Диагнозы: «открытая ринолалия». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 19 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 16 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

10 «А» сынып оқушысы Бралиева Айкен. Диагнозы: «задержка психического развития, нарушение зрения». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 29 - қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 26 – қосымшасы негізінде Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытылады.

12.7) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

Осы өлшемшарт бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген. Вариативтік компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілді. Вариативтік компонент үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалынған. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы вариативтік компонент сағаттары «Kundelik.kz» электронды журналында енгізіліп толтырылды. Вариативтік бөліктердің бағдарламаларының көшірмелері электронды түрде ұсынылды. Вариативтік компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілді. Вариативтік компонент үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалынған. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы вариативтік компонент сағаттары «Kundelik.kz» электронды журналында енгізіліп толтырылды. Вариативтік бөліктердің бағдарламаларының көшірмелері электронды түрде ұсынылды.

12.8"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы игеру;

2021-2022 ,2022-2023 оқу жылдарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы іске асырылып келеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 25- тармағына сәйкес, 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6- сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 56- тармағына сәйкес, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 56- тармағының 6-тармақшасына сәйкес, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 4-қосымшасы 4-тарауы 50- тармағына сәйкес "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Мектебімізде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-4 сыныптарда 10 сағат «Дүниетану" оқу пәні, 5-9 сыныптарда 15 сағат жүктемемен дене шынықтыру, 10-11 сыныпта 12 сағаттық жүктемемен «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндерінің

аясында іске асырылғаны анықталды. Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары сынып журналдарына кіріктіріліп толтырылған. Осылайша, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-11 сыныптарда «Дүниетану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндерінің шеңберінде жоғарыда аталған жылдық оқу жүктемесімен іске асырылды.

12.9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру:

2022-2023 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР оқу – ағарту министрлігінің 03.08 2022 жылғы № 348 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда курс тақырыбы электрондық күнделіктің КТЖ тәрбие сағаттарына біріктіріліп толтырылды, сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

ҚР оқу – ағарту министрлігінің 03.08 2022 жылғы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» "Жолда жүру ережелері" оқу курсының орындалу деңгейі «қанағаттанарлық».

12.10 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

3.2 Оқу – әдістемелік жұмысы

Мектептегі әдістемелік қызметтің мақсаты – мектеп мұғалімдерінің ақпараттық, кәсіби құзіреттілігін жетілдіру және оқыту сапасын арттыру, мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талап қоя білу, оқыту тәжірибесінде ұтымды, тиімді әдістерді шығармашылықпен игеру.

Міндеттері:

1. Мұғалімдерге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің және дамытудың қағидалары мен әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыруға көмек беру;
2. Мұғалімдерді педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденіске тарту;

Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру формалары: педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, педагогикалық оқулар, шығармашылық есептер, теориялық семинарлар мен семинар-практикумдар, озат тәжірибе мектебі, жас мамандар мектебі.

Мектепте 9 әдістемелік бірлестігі бар:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі
2. Орыс тілі мен әдебиет пәні бірлестігі
3. Шетел тілі пәні бірлестігі
4. Тарих пәндерінің бірлестігі
5. Физика, информатика, математика пәндерінің бірлестігі
6. Жаратылыстану пәндер бірлестігі

7.Бастауыш сыныптар бірлестігі

8. Эстетика пәндерінің бірлестігі

9. Дене тәрбиесі пәндері бірлестігі

Бірлестік жетекшілері бұйрықпен тағайындалды. Бірлестіктердің жұмыс жоспары жасақталды, бекітілді. Пәндік апталықтардың өткізілгендігін растайтын материалдары бар.

Педагог кадрлардың сапалық және сандық құрамы бойынша көрсеткіштер төмендегідей:

Мұғалімдердің аттестаттаудан өтуі туралы мәлімет:

| Біліктілік санаты | 2021 – 2022 оқу жылы | 2022- 2023 оқу жылы |
|-------------------------------------|----------------------|---------------------|
| Барлық педагог саны | 72 | 71 |
| Педагог - шебер | 1 (1,5 %) | 1 (1%) |
| Жоғары санат | 1 (1 %) | 0 |
| Педагог - зерттеуші | 18 (25%) | 18 (25%) |
| I санат | 2 (3%) | 2 (3%) |
| Педагог - сарапшы | 13 (18%) | 11 (15%) |
| II санат | 1 (1 %) | 1 (1%) |
| Педагог - модератор | 10 (13%) | 11 (15%) |
| Санаты жоқ педагогтар | 26 (36%) | 27 (38%) |
| Шебер , зерттеуші, сарапшылар үлесі | 44 % | 42 % |

Мектеп әкімшілігінің біліктілік санаттары:

| № | Аты - жөні | Қызметі | Алған санаты | мерзімі |
|---|---------------------------------------|--|--|--------------|
| 1 | Абдығалиева Гульдария Болатбековна | Мектеп директоры | Педагог – шебер | |
| 2 | Ақжанова Гүлнара Серғазықызы | Мектеп директорының оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Екінші санаттағы басшының орынбасары | 28.12.2021 ж |
